

V шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі II сессиясының "Қарағанды қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 32 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының V шақырылған XVII сессиясының 2013 жылғы 24 сәуірдегі N 153 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 мамырда N 2333 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2024 жылғы 3 шілдедегі № 165 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 03.07.2024 № 165 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі II сессиясының "Қарағанды қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 32 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-1-154 болып тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырдағы N 064 (970) "Взгляд на события" газетінде жарияланған), оған Қарағанды қалалық мәслихатының V шақырылған XV сессиясының 2013 жылғы 20 ақпандағы "Қарағанды қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі II сессиясының "Қарағанды қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 32 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 138 шешімімен өзгертулер енгізілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2230 болып тіркелген, 2013 жылғы 22 наурыздағы N 036 (1106) "Взгляд на события" газетінде жарияланған), келесі өзгеріс енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі шешімінде Қарағанды қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің 2-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"2) коммуналдық қызметтер – бұл тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды (сонымен қатар қатты отын), қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрағасы Жанділ Ахуанұлы Мұқтаров).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

V шақырылған Қарағанды қалалық

мәслихатының кезектен тыс

XVII сессиясының төрағасы

Б. Зорин

Қарағанды қалалық

мәслихаты хатшысының м.а.

Ж. Мұқтаров

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарағанды қаласының жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ж. Ысқақов

24.04.2013 ж.